**"Стационарлық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі № ҚР ДСМ-39 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 17 сәуірде № 18541 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 24.03.2022 № ҚР- ДСМ-27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 94-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Стационарлық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 12204 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Стационарлық көмек көрсету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде электрондық түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Денсаулық сақтау министрі* *Е. Біртанов*

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 16 сәуірдегі
№ ҚР ДСМ-39 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 761 бұйрығымен бекітілген

## Стационарлық көмек көрсету қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Стационарлық көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) " Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде стационарлық көмек көрсету тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) стационарлық көмек – дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып, тәулік бойы медициналық бақылау жасалатын көмек ұсыну нысаны;

2) білікті медициналық көмек – диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың мамандандырылған әдістерін талап етпейтін аурулар кезінде жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкерлері көрсететін, оның ішінде телемедицина құралдарын пайдалана отырып көрсететін медициналық көмек;

3) мамандырылған медициналық көмек – диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың мамандандырылған әдістерін талап ететін аурулар

кезінде бейінді мамандар көрсететін, оның ішінде телемедицина құралдарын пайдалана отырып көрсететін медициналық көмек;

4) жоғары технологиялы медициналық көмек (бұдан әрі – ЖТМҚ) – диагностиканың және емдеудің инновациялық, ресурстық сыйымды және ( немесе) бірегей әдістерді пайдалануды талап ететін аурулар кезінде, бейінді мамандар көрсететін қызметтер;

5) денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

6) денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру субъектісі (бұдан әрі - ақпараттандыру субъектісі) - денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру аясында қызметін жүзеге асыратын немесе құқықтық қатынастарға түсетін мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар;

7) Жоғары технологиялы медициналық көмек жөніндегі комиссия (бұдан әрі – ЖМТК комиссия) – ЖМТК ұсынатын денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу мәселесін шешу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жанынан құрылған комиссия;

8) емдік-профилактикалық кеңес (бұдан әрі – ЕПК) – пациенттерді стационарларға емдеуге жатқызуды ұйымдастыру, емдеуге жатқызу құрылымын басқару, медициналық көмек көрсетудің деңгейлері бойынша жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызудың динамикасын, жоспарлы емдеуге жатқызуға арналған жолдамалардың негізділігін, медициналық көмектің қолжетімділігін, пациенттің құқықтарын қорғау мәселелерін қарау мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мемлекеттік денсаулық сақтау басқармадарының жергілікті органдарының жанынан құрылған тұрақты жұмыс істейтін үйлестіруші және консультациялық-кеңесші орган;

9) консилиум – дагноз қою, емдеу тәсілін айқындау және кемінде үш дәрігердің қатысуымен ауруларды болжау мақсатында адамдарды зерттеу;

10) Емдеуге жатқызу бюросы порталы (бұдан әрі – Портал) - тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде пациенттерді стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу жолдамаларын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өңдеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

11) жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күні – жоспарлы емдеуге жатқызуға арналған жолдаманы тіркегеннен кейін Порталда айқындалатын емдеуге жатқызу күні;

12) жоспарлы емдеуге жатқызу коды – мынадай қағидат бойынша Порталда жолдаманы тіркеу кезінде автоматты генерацияланған Пациенттің коды: алғашқы екі белгі – облыстың коды (қайдан жіберілген); келесі төртеуі –

медициналық ұйымның коды (қайда жіберілген); келесі үшеуі – төсек бейінінің коды (қайда жіберілген), соңғы сандар – пациенттің реттік нөмірі;

13) жоспарлы емдеуге жатқызудың соңғы күні – пациентті стационарға нақты емдеуге жатқызу күні;

14) жоспарлы емдеуге жатқызу талоны – жоспарлы емдеуге жатқызу жолдамасының Порталда тіркелуі фактісін растайтын құжат;

15) күту парағы – жоспарланған және соңғы емдеуге жатқызу күндерін айқындаумен жоспарлы емдеуге жатқызуға науқастарды жіберуді, емдеуге жатқызудан бас тартқан жағдайда жолдамаларды алып тастаудың себептерін көрсету мен негіздемесін тіркеудің электрондық нысаны;

16) ургенттілік – шұғыл медициналық көмекті талап ететін пациенттердің күту режиміндегі жұмыс;

17) триаж жүйесі бойынша медициналық іріктеу – бірінші кезекті және бір текті (емдік, профилактикалық, эвакуациялық) іс-шаралардың қажеттілігіне қарай зардап шеккендерді және науқастарды топтарға бөлу;

18) тәуліктік бақыланатын стационар – асқынулардың жоғары қаупі және даму мүмкіндігі бар және бір тәулікте кемінде2-3 рет және түнде, оның ішінде оперативтік араласулардан, сондай-ақ тәулігіне кемінде 2 рет диагностикалық және емдік іс-шараларды жүргізгеннен кейін дәрігерлік бақылауды талап ететін жағдайлар кезінде;

19) күндізгі стационар – халыққа денсаулық сақтау ұйымының базасында стационарды алмастыратын көмек көрсету. АЕК-де бірнеше сағат бойына кемінде 2 рет емдік және диагностикалық іс-шараларды, оның ішінде оперативтік араласулардан кейін және тәулікті стационарда бір тәулікке дейін жүргізу қажет болған кезде, жіті созылмалы аурулары бар немесе ушыққан адамдар күндізгі стационарда бақылануы тиіс.

## 2. Стационарлық көмек көрсету тәртібі

3. Дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып, тәулік бойы медициналық бақылаумен медициналық көмек көрсету қажеттілігі емдеуге жатқызу үшін көрсетілім болып табылады.

4. ТМККК шеңберінде пациентті денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу:

1) жоспарлы тәртіппен – медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) немесе басқа денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының Аурулардың және проблемалардың статистикалық халықаралық жіктемесінің 10 қайта қаралған денсаулықпен байланысты (бұдан әрі – АХЖ 10) кодтары

бойынша аурулардың тізбесіне және осы Қағидаларға 1, 2-қосымшаларға сәйкес тәуліктік стационар, осы Қағидаларға 3, 4-қосымшаларға сәйкес аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау ұйымдары жағдайларында басым емдеу үшін Аурулардың және проблемалардың статистикалық халықаралық жіктемесінің 9 қайта қаралған денсаулықпен байланысты (бұдан әрі – АХЖ 9) кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялардың тізбесіне сәйкес жолдамасы бойынша;

2) шұғыл көрсетілімдер бойынша (демалыс және мереке күндері) – жолдаманың бар-жоғына қарамастан жүзеге асырылады.

5. Жоспарлы стационарлық медициналық көмек алуға стационардың қабылдау бөлімшесіне пациентті қабылдау және тіркеу ұйымның бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс уақытында жүгінген сәтінен бастап 60 минуттың ішінде жүзеге асырылады. Шұғыл медициналық көмек тәулік бойы көрсетіледі. Қажет болған кезде, қабылдау бөлімшесінде консилиум ұйымдастырылады.

Толық зерттеліп-қаралған және қарсы көрсетілімдер болмаған кезде, бейінді бөлімшеге емдеуге жатқызу жүзеге асырылады.

6. Егер, ауру басым емдеуге арналған АХЖ 10 коды бойынша аурулар тізбесіне кірмеген жағдайда, тәуліктік стационарға емдеу үшін осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес алгоритм бойынша ақпараттық жүйеге деректерін енгізе отырып, тәулік бойы дәрігерлік бақылау қажеттілігі айқындалатын өлшем шарттар бойынша жай-күйіне бағалау жүргізілетін адамдар емдеуге жатқызылуы тиіс.

7. Пациентті денсулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызған жағдайда " Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі - № 907 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6697 болып тіркелген), № 003/е нысаны бойынша тағайындау парағымен медициналық карта (бұдан әрі – медициналық карта) ресімделеді.

8. Пациенттің денсаулық сақтау ұйымына медициналық көмекке жүгінуі кезінде алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан мас болу белгілері анықталған жағдайда, медицина қызметкері медициналық картаға нәтижелерді енгізе отырып, кейін психикаға белсенді әсер ететін заттардың құрамын анықтауға биологиялық материал ала отырып, бұл туралы медициналық картада жазады.

9. Стационарға келіп түскен кезде пациентті медициналық картада белгілей отырып, медициналық ұйымның ішкі тәртібінің қағидаларымен таныстырады және пациент пен денсаулық сақтау ұйымының арасында "Пациент пен медициналық ұйым арасында жасалатын, тегін медициналық көмектің кепілдік

берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек ұсыну жөніндегі үлгілік шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 418 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде №11520 болып тіркелген) сәйкес шарт жасалады.

10. Емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізуге пациенттің не оның заңды өкілінің жазбаша ерікті келісімін алғаннан кейін медициналық көмек ұсынылады .

Өз еркін білдіруге мүмкіндік бермейтін есеңгіреген, ес-түссіз жағдайдағы, айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегуші; психикасының ауыр түрде бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші; психикасының бұзылуынан ( ауруынан) зардап шегуші және қоғамға қауіпті әрекет жасаған адамдарға қатысты келісімсіз медициналық көмек көрсетуге жол беріледі.

Азаматтардың келісімінсіз медициналық көмек көрсету жоғарыда көрсетілген жағдайлар аяқталғанға дейін жалғасатын болады.

11. Кәмелетке толмағандарға және сот әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға қатысты медициналық көмек көрсетуге келісімді олардың заңды өкілдері береді. Заңды өкілдері болмаған кезде, медициналық көмек көрсету туралы шешімді консилиум қабылдайды, ал консилиумды жинау мүмкін болмаған кезде – денсаулық сақтау ұйымдарының лауазымды адамдарын кейіннен хабардар ете отырып, тікелей медицина қызметкері қабылдайды.

12. Медициналық көмек алу кезінде пациент ұсынылған және баламалы емдеу әдістерінің қаупі мен артықшылықтары туралы деректерді, емдеуден бас тартудың ықтимал салдары туралы мәліметтерді, диагноз туралы ақпаратты, пациент үшін қолжетімді нысанда диагноз, емдеу іс-шараларының болжамы мен жоспары туралы ақпаратты, сондай-ақ үйге шығару немесе басқа медициналық ұйымға ауыстыру себептерін түсіндіруді қоса алғанда, өз денсаулығының жай-күйі туралы толық ақпарат алады.

13. Жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері (бұдан әрі – дәрігер ) стационарға түскен күні пациентті тексеріп-қарайды, оған қажетті ем жазып береді және оны тағайындалған емдік-диагностикалық іс-шаралармен таныстырады.

14. Емдік-диагностикалық іс-шаралар, дәрі-дәрмектік қамтамасыз ету, пациентті емдік тамақтандыру мен тиісті күтім жасауды ұйымдастыру стационарға келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырылады.

15. Пациенттің жағдайына қарай толық және ішінара санитариялық тазалық жүргізіледі. Тұрғылықты мекенжайы белгісіз адамдар міндетті санитариялық тазалықтан өтеді.

16. Стационарларда айналасындағыларға қауіп төндіретін пациенттерді бөлек орналастыру үшін палаталар немесе бокстар көзделеді.

17. Стационардағы пациенттер демалыс және мереке күндерінен басқа, емдеуші дәрігер күн сайынғы тексеріп-қарауына жатады. Кезекші дәрігер қарап тексергеннен және қосымша диагностикалық және емдік манипуляциялар тағайындағаннан кейін, медициналық картаға тиісті жазбалар жазылады.

Пациенттің жағдайы нашарлаған кезде, кезекші дәрігер бөлімше меңгерушісін/емдеуші дәрігерді немесе жауапты кезекші дәрігерді хабардар етеді , диагностика мен емдеу процесіне өзгерістер енгізуді келіседі және медициналық картаға (қағаз/электрондық) жазба қалдырады.

Аурудың ағымы ауыр және аса ауыр болған жағдайда жазбалардың қысқалығы жағдайының ауыр динамикасына қарай жүргізіледі. Дәрігердің жазбасында пациенттің жағдайындағы нақты өзгерістер және тағайындауларды түзетудің қажеттілігі, тағайындалған зерттеп-қарау мен емнің негізділігі, алынған нәтижелердің бағасы мен түсіндірмесі және жүргізілген емнің тиімділігі көрсетілуі тиіс. Қарап-тексерулің қысқалығы кезек күттірмейтін жағдайларда, кезек күттірмейтін көмек көрсетудің уақытын сағат және минут бойынша көрсете отырып, үш сағаттан сирек болмайды.

18. Клиникалық диагноз пациент денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызылған күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей бөлімше меңгерушісімен берлесіп қойылады.

Клиникалық диагноз қойылған күні медициналық картаға тиісті жазба жазылады.

19. Бөлімше меңгерушісі ауыр пациенттерді емдеуге жатқызылған күні, кейін – күнделікті қарайды. Жағдайы орташа ауыр пациенттер аптасына кемінде бір рет қарап-тексеріледі.

Пациентті қарап-тексеру нәтижесі жазба енгізген медицина қызметкерін міндетті түрде сәйкестендіре отырып, пациентті одан әрі емдеу тәсілі бойынша ұсынымдарды көрсетіп, медициналық картаға тіркеледі.

20. Хирургиялық көмек көрсету төрт санат бойынша операциялық жарақаттың көлемі мен сипатына қарай жүзеге асырылады.

Бірінші санат кезінде, көлемі бойынша шағын операциялар жасалады, олар осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша науқастың ағзалары мен жүйесі функцияларының бұзылуын туындатпайды.

Екінші санаға іш қуыстарды ашумен және шағын анатомиялық өсінділерді жоюмен сүйемелденетін операциялар жатқызылады, олар осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша арнайы емсіз өз бетінше қалыпқа келетін науқастың әртүрлі ағзалары мен жүйсі функцияларының ауыспалы бұзылуын туғызады.

Үшінші санатқа ағзаны алып тастаумен немесе резекциялаумен (асқазан резекциясы, өт жолдарындағы операциялар және т.б.) сүйемелденетін операцияларға жатады, олар осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша қарқынды түзетуді талап ететін әртүрлі ағзалар мен жүйе функцияларының айқын бұзылуын туындатады.

Төртінші санатқа бір немесе бірнеше ағзаларды алып тастаумен, анатомиялық өсінділердің реконструкциясымен сүйемелденетін операцияларға жатады, олар осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша айқын функционалдық бұзылыстарды туындатады.

21. Үш жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ емдеуші дәрігердің қорытындысы бойынша қосымша күтімді талап ететін сырқаты ауыр ересек балаларды стационарда емдеген кезде, анасына (әкесіне) немесе балаға тікелей күтімді жүзеге асыратын өзге адамға еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ бере отырып, онымен бірге медициналық ұйымда қалу мүмкіндігі беріледі, жатын орынмен тегін қаматамасыз етіледі.

Бір жасқа дейінгі емізетін ана денсаулық сақтау ұйымында бала күтімі бойынша болған барлық кезеңде тегін тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

22. Мектеп жасындағы балаларға стационарлық ем кезеңінде көпбейінді балалар ауруханасы жағдайында үздіксіз білім алуға жағдай жасалады.

23. Көпбейінді балалар ауруханасының пациенттеріне ойнау, демалу және тәрибе жұмыстарын жүргізу үшін жағдайлар жасалады.

24. Медициналық көмек көрсетудің кез келген деңгейінде диагнозды сәйкестендіру қиындаған, жүргізілген ем тиімсіз болған жағдайда, сондай-ақ өзге айғақтар болған жағдайда басшының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары қажет болған жағдайда республикалық деңгейдегі маманды қоса отырып, консультация (пациентті барынша жоғары білікті немесе басқа бейінді маманның тексеріп-қарауы) немесе консилиум (қажет болған жағдайда диагнозды белгілеу, ауруды емдеу тәсілін анықтау және болжамдау мақсатында пациентті қосымша зерттеп-қарау жүргізе отырып, барынша жоғары білікті немесе басқа бейіннің кемінде үш маманының қатысуымен ұйымдастырады.

Кешкі, түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері - стационар бойынша жауапты кезекші дәрігер консультация немесе консилиум ұйымдастырады.

25. Өмірлік маңызды функцияларының тұрақты мониторингін қажет ететін ауыр пациентті қажетті аспаптық және зертханалық сүйемелдеу болмаған жағдайда, медициналық көрсетілімдері бойынша, консилиумның шешімі және денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын хабардар ету бойынша аталған пациент жағдайы тұрақталғаннан кейін одан әрі зерттеп-қарау және емдеу үшін ауруының бейіні бойынша басқа медициналық ұйымға ауыстырылады.

26. Стационардан шығару өлшем шарттары:

1) емдеудің жалпыға бірдей нәтижелері (сауығу, жақсару, өзгеріссіз, қайтыс болу, басқа медициналық ұйымға ауыстырылды);

2) пациенттің өмірі үшін және айналасындағылар үшін тікелей қауіп болмаған жағдайда емдеу курсын аяқтағанға дейін пациенттің (оның заңды тұлғасының) жазбаша өтініші;

3) денсаулық сақтау ұйымы бекіткен ішкі тәртіп қағидаларын бұзған, сондай-ақ емдеу – диагностикалық процеске кедергі келтірген, басқа пациенттердің тиісті медициналық көмек алу құқығын таптаған (оның өміріне тікелей қауіп болмаған кезде) жағдайлар болып табылады, ол туралы медициналық картаға жазылады.

27. Стационардан шығару кезінде пациенттің қолына (№ 907 бұйрықпен бекітілген) 027/е нысаны қолына беріледі, онда қорытынды клиникалық диагноз, жүргізілген диагностикалық зерттеулердің көлемі, одан әрі бақылау мен емдеу бойынша емдеу іс-шаралары және ұсынымдар көрсетіледі.

Шығару бойынша деректер ақпараттық жүйеге сол күні шығарудың нақты күнін көрсете отырып, жазылады.

28. Денсаулық сақтау ұйымы АХЖ-9, АХЖ-10 кодына сәйкес есепке алу нысандарының уақтылы және дәйекті толтырылуын қамтамасыз етеді.

**1--Параграф. Жоспарлы емдеуге жатқызуды ұйымдастыру**

29. Порталда жолдаманы тіркеумен жоспарлы емдеуге жатқызу пациенттің денаулық сақтау ұйымын еркін таңдау құқықтарын есепке ала отырып, жоспарлы емделуге жатқызу күнін анықтау арқылы:

1) меншік нысанына қарамастан МСАК-тың немесе басқа денсаулық сақтау ұйымы маманының жолдамасы бойынша стационар маманы;

2) МСАК-тың немесе басқа денсаулық сақтау ұйымы маманының жолдамасы бойынша автоматты анықтау;

3) осы денсаулық сақтау ұйымына пациентті емдеуге жатқызу туралы пациенттің өз бетінше жүгінуі және стационар басшысының шешімі кезінде стационардың қабылдау бөлімінің маманы жүзеге асырады.

Ақылы негіздегі жоспарлы емдеуге жатқызу Науқастарды қабылдауды және емдеуге жатқызудан бас тартуды тіркеу журналына №907 бұйрықпен бекітілген және Порталда электрондық форматта іске асырылған 001/е нысаны бойынша міндетті тіркей отырып, жүзеге асырылады.

ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуге шарт жасасқан денсаулық сақтау субъектілерінің Порталға қолжетімділігі бар. "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" (бұдан әрі – ӘМСҚ) коммерциялық емес акционерлік қоғамы ТМККК шеңберінде меншік нысанына қарамастан медициналық көмек көрсетуге жаңа медициналық қызмет берушілермен шарт жасалған жағдайда Порталда

жұмыс істеу логин және пороль беру қызмет беруші жүгінген сәттен бастап 2 жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырылады.

30. Емдеуге жатқызуды ұйымдастыру процесіне қатысушылар:

1) денсаулық сақтау ұйымдары;

2) ӘМСҚ және оның филиалдары;

3) ақпараттандыру субъектілері;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ( Астана, Алматы, Шымкент) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары болып табылады.

31. Жоспарлы емдеуге жатқызуға көрсетілімдер болған кезде, МСАК-тың немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының маманы пациентке жіберілетін диагнозына сәйкес, диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын басшылыққа ала отырып, қажетті клиникалық-диагностикалық (зертханалық, аспаптық және функционалдық) зерттеулер (бұдан әрі - зерттеулер), бейінді мамандардың консультациясын жүргізеді.

Емдеуге жатқызу күні автоматты түрде анықталған кезде пациенттің емдеуге жатқызғанға дейінгі зерттеп-қарау көлемі емдеуге жатқызудың тағайындалған күніне дейін 14 күн бұрын жүргізіледі. Емдеуге жатқызғанға дейінгі бақылауды жіберген медициналық ұйым жүзеге асырады.

МСАК ұйымына немесе басқа денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу алдында жүргізілген стационардағы қосымша және қайталама зерттеулерді жүзеге асыру диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес науқастың жағдайын динамикалық бағалау үшін медициналық картаға негіздей отырып, медициналық көрсетілімдері бойынша жүргізіледі.

32. Пациент денсаулық сақтау ұйымын таңдаған кезде, МСАК-тың немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының ішкі бұйрығымен бектілген жауапты маманы (бұдан әрі – жауапты маман) оған емдеуге жатқызуды күтудің ең аз мерзімімен тиісті бейіні бойынша денсаулық сақтау ұйымын баламалы таңдау мүмкіндігі туралы ақпарат береді.

Жауапты маман пациентті таңдалған стационарға емдеуге жатқызу күні және ауызша немесе электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетінде (push немесе sms-хабарлама) электронды хабарлау арқылы жоспарлы емдеуге жатқызудың белгіленген күні міндетті келуі туралы хабардар етеді.

Дәлелді себептер бойынша жоспарлы емдеуге жатқызудың белгіленген күні стационарға келу мүмкін болмаған жағдайда, пациент емдеуге жатқызуға жіберген МСАК немесе басқа денсаулық сақтау ұйымын хабардар етеді. Стационар емдеуге жатқызу мерзімін 3 тәуліктен аспайтын мерзімге ауыстырады

.

33. Республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын ғылыми ұйымдарға (бұдан әрі- ғылыми ұйымдар) ЖТМҚ және ЖМК көрсету үшін жоспарлы емдеуге жатқызуға көрсетілімдері болған кезде, пациент "Жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 ақпандағы № 12 бұйрығына сәйкес ЖТМҚ комиссиясының шешімі бойынша емдеуге жатқызылады.

34. МСАК-тың немесе медициналық ұйым маманының жолдамасы бойынша стационардың маманы жоспарлы емделуге жатқызу күнін белгілеген кезде:

1) жауапты жоспарлы емдеуге жатқызуға арналған жолдаманы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Порталда орналасқан күту парағына жолдаманы тіркейді және пациентке осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жоспарлы емдеуге жатқызу талонын береді;

2) күн сайын стационардың маманы осы стационарға емдеуге жатқызуға жіберілген пациенттердің тізімін қарап шығады, бейіндері бойынша бос төсектер туралы мәліметтерді қалыптастырады және сағат 9.30-ға дейін оларды осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Порталда орналасқан Бос төсектерді есепке алу парағына енгізеді. Жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін жауапты маман Порталда жоспарлы емдеуге жатқызуға арналған жолдаманы тіркеген күннен бастап 2 жұмыс күнінің ішінде айқындайды;

3) күн сайын жауапты маман күту парағын мониторингілеуді жүзеге асырады және денсаулық сақтау ұйымы жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін қойғаннан кейін пациентке осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызуға арналған жолдама береді;

4) пациент жоспарлы емдеуге жатқызудың белгіленген күніне сәйкес емдеуге жатқызылады;

35. Жоспарлы емдеуге жатқызуды жоспарланған күнін жауапты маман және " Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 284 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 29 мамырда №11231 болып тіркелген) сәйкес айқындайды:

1) аудандық деңгейде стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері;

2) қалалық деңгейде стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:

перинаталдық (босандыру бөлімшесі), онкологиялық, инфекциялық, тері-венерологиялық, травматогиялық, инсульттік, ревматологиялық, офтальмалогиялық, кардиологиялық және кардиохирургиялық орталықтар;

қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту ұйымдары - санаторий, мамандандырылған санаторий, профилакторий, оңалту орталығы немесе көп бейінді ауруханаңың жанынан құрылатын оңалту бөлімшесі (төсектері);

көп бейінді аурухана, паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсететін ұйымдар - хоспис, мейіргерлік күтім ауруханасы немесе туберкулезге қарсы дсиапнсердің жанынан ұйымдастырылатын бөлімшесі, төсектері;

республикалық маңызы бар қалада құрылатын ғылыми ұйымдар;

3) облыстық деңгейде стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:

облыс орталығында құрылатын көп бейінді облыстық балалар ауруханасы;

облыс орталығында құрылатын облыстық психикалық денсаулық орталығы;

перинаталдық (босандыру бөлімшесі), онкологиялық, инфекциялық, тері-венерологиялық орталықтар көп бейінді ауруханалардың құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады

қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту ұйымдары-санаторий, мамандандырылған санаторий, профилакторий, оңалту орталығы немесе көп бейінді ауруханаңың жанынан құрылатын оңалту бөлімшесі (төсектері);

паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсететін ұйымдар - хоспис, мейіргерлік күтім ауруханасы немесе бөлімшесі, туберкулезге қарсы диспансердің жанынан ұйымдастырылатын төсектері;

36. Пациентті басқа денсаулық сақтау ұйымына ауыстыру үшін медициналық көрсетілім болған кезде, емдеуші дәрігер бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарымен келісім бойынша жолдаманы Порталға тіркеуді жүзеге асырады.

37. Жауапты маманның жолдамасы бойынша емделуге жатқызу күні автоматты анықталғанда:

1) жауапты маман жоспарлы емдеуге жатқызуға арналған жолдаманы тіркейді, Порталда автоматты белгіленген жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күні туралы ақпаратты ұсынады және жолдама береді (қағаз/ электрондық жеткізгіштере);

2) егер, пациент Порталда автоматты белгіленген емдеуге жатқызу күнінен бас тартса, МСАК-тың немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының емдеуші дәрігері оған емдеуге жатқызудың кейінгі уақытын немесе ерте емдеуге жатқызу мүмкіндігі қарастырылатын басқа денсаулық сақтау ұйымын таңдауды ұсынады;

3) пациентті басқа денсаулық сақтау ұйымына ауыстыруға медициналық көрсетілімдер болған кезде, емдеуші дәрігер бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарымен келісу бойынша жолдаманы Порталда тіркеуді жүзеге асырады;

4) пациент Порталда автоматты түрде белгіленген, жолдамада көрсетілген мерзімде денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызылады;

5) пациент уақтылы мерзімде келмеген жағдайда медициналық ұйым аталған төсекті шұғыл пациенттер үшін пайдаланады;

6) жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін автоматты айқындау мыналардың есебінен әзірленген өлшем шарттарға сәйкес денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызуға арналған жолдаманы тіркеген сәттен бастап Порталда жүзеге асырылады:

жалпы жоспарланған қаржыландыру көлемі;

былтырғы жылдың негізінде нозологиялар бөлінісіндегі жағдайларды есепке ала отырып, жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызу үшін қаржыландырудың жоспарланған сомасының үлес салмағының орташа жылдық мәні;

былтырғы жылдың негізінде емдеуге жатқызу процесіне қатыспайтын, бейіндер бойынша нозологиялар бөлінісінде жоспарлы емдеуге жатқызу жағдайлары үшін қаржыландырудың жоспарланған сомасының үлес салмағының орташа жылдық мәні;

шығару есепті айда жалпы қаржыландыру жоспарына сәйкес есепті кезеңде жоспарланатын (жоспарлы және шұғыл) барлық жағдайларды болжамды құны;

науқастың нозологиялар бөлінісінде төсекте болуының орташа ұзақтығының мерзімдері;

1 жұмыс күнінде жоспалы тәртіппен емдеуге жатқызылуы мүмкін пациенттердің саны туралы мәліметтер;

демалыс, мереке (ауыспалы), операциялық күндер, ургенттік күндер, санитариялық тазалыққа (медициналық ұйымдардың деректері бойынша) арналған күндер туралы мәліметтер;

қызметі жоспарлы емдеуге жатқызу процесіне әсер ететін еңбек демалыстарының кестесі туралы мәліметтер;

пациенттердің дербес жоспарлы емделуге жатуындағы жоспарланған үлесі туралы мәліметтер.

7) келер жылға өлшем шарттарды қалыптастыру үшін стационарлардың келесі қаржы жылының басталуына дейін күнтізбелік екі ай бұрын ақпараттандыру субъектісіне мынадай мәліметтерді ұсынуы тиіс:

бейіндердің бөлінісінде бір жұмыс күнінде жоспарлы емдеуге жатқызуға жоспарланған пациенттердің саны;

бейіндердің бөлінісінде жоспарлы емдеуге жатқызу күндері;

операциялық күндердің кестесі;

санитариялық тазалауға арналған күндердің кестесі;

қызметі жоспарлы емдеуге жатқызу процесіне әсер ететін мамандардың еңбек демалыстарының, біліктілігін арттырудың, еңбекке уақытша жарамсыздығының кестесі;

пациенттердің дербес жоспарлы емделуге жатуындағы жоспарланған үлесі.

8) өлшем шарттарды қалыптастыру үшін мәліметтер өзгерген жағдайда деректерді жоспарланған өзгерістер басталғанға дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей ақпараттандыру субъектісіне ұсыну қажет;

9) төсек қорын оңтайландыру болған жағдайда, денсаулық сақтау ұйымдары жоспарлы өзгерістер басталғанға дейінгі бір күнтізбелік айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) тиісті ақпараттық жүйелеріндегі төсек қорының құрылымындағы өзгерістерді уақытылы өзектендіруді жүргізу үшін денсаулық сақтау басқармасына және ақпараттандыру субъектісіне хабарлайды;

10) жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күні жауапты маманның:

пациенттің денсаулық сақтау ұйымын еркін таңдау құқығын есепке ала отырып, ММК және МТМҚ қызметтерін ұсынатын ғылыми ұйымдарға;

мынадай:

гематологиялық, онкогематологиялық, инфекциялық, психиатриялық, психоневрологиялық, туберкулезге қарсы, наркологиялық, тері-венерологиялық, онкологиялық, паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім, балалар және босандыру төсектерінің бейіндерін қоспағанда қалалық және облыстық деңгейдегі көпбейінді стационарларға жіберуі кезінде Порталда автоматтандырылған түрде айқындалады;

11) жоспарлы емдеуге жатқызу күнін автоматтандырылған түрде белгілеуге қатысатын денсаулық сақтау ұйымдары үшін күту парағынан алып тастау мынадай жағдайларда көзделеді:

МСАК ұйымдарының немесе басқа денсаулық сақтау ұйымдарының деңгейінде:

Порталда жолдаманы тіркегеннен кейін пациенттің емдеуге жатқызудан жазбаша бас тартуы;

емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде пациенттің қайтыс болу жағдайын тіркеу;

медициналық ұйымға емдеуге жатқызған сәтте медициналық көрсетілімдерінің болуы;

шұғыл емдеуге жатқызу;

медициналық ұйымның қабылдау бөлімінің деңгейінде:

емдеуге жатқызуға медициналық көрсетілімдерінің болмауы;

емдеуге жатқызу кезінде медициналық қарсы көрсетілімдерінің болуы;

пациенттің емдеуге жатқызуға келмеуі;

жолдаманы Порталда тіркегеннен кейін пациенттің емдеуге жатқызудан жазбаша түрде бас тартуы;

бейінді емес емдеуге жатқызу;

шұғыл емдеуге жатқызу.

38. Денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлмесінің маманы пациенттер өз бетінше жүгінген пациентті емдеуге жатқызу күнін айқындаңған кезде, емдеуге жатқызу туралы шешім денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманымен келісіледі.

39. Денсаулық сақтау ұйымының басшысы пациенттің құқықтарын қорғау мақсатында халықтың мынадай әлеуметтік осал топтары үшін медициналық көрсетілімдері болған жағдайда пациентті жоспарлы емдеуге жатқызу туралы өз бетінше шешім қабылдайды: 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер, "Алтын Алқа", "Күміс Алқа" алқаларымен марапатталған көп балалы аналар, зейнеткерлер, әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын адамдар республикалық медициналық денсаулық сақтау ұйымдары үшін жоспарлы емдеуге жатқызу көлемінен 15%, меншік деңгейі мен нысанына қарамастан басқа медициналық ұйымдар үшін 10% шегінде;

40. Медициналық көрсетілімдері бар пациенттер өз бетінше жүгінген кезінде денсаулық сақтау ұйымы қабылдау бөлмесінің дәрігері пациент жүгінген күні мынадай денсаулық сақтау ұйымдарына/құрылымдықбөлімшелерге:

Инфекциялық, психиатриялық, психоневрологиялық,туберкулезге қарсы күрес,наркологиялық,тері-венерологиялық,онкологиялық,Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне арналған госпитальдер,хосписter мен мейіргерлік күтім ауруханалары,гинекологиялық бейінге жолдаманы қоспағанда, босандыру ұйымдары (перинаталдық көмекті өңірлендіруді есепке ала отырып);

меншік деңгейі мен нысанына қарамастан көп бейінді стационарларда операциялық, онкогематологиялық, онкологиялық, гематологиялық, терапиялық емдеудің кезекті деңгейіне және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігіне сәйкес медициналық оңалту бойынша іс-шаралар өткізу үшін жоспарлы емдеуге жатқызуды дербес жүзеге асырады.

41. Жоспарлы емделуге жатқызуды ұйымдастыру кезінде штаттан тыс жағдай - стандартты емес жағдайлар туындайды, онда емдеуге жатқызу үдерісінің кезеңдері рұқсат етілген шектерден шығады:

1) орындалмаған жоспарлы емдеуге жатқызу:

жоспарлы емдеуге жатқызуға медициналық көрсетілімдердің болмауы;

емдеуге жатқызу сәтінде медициналық көрсетілімдердің болуы.

2) жоспарлы емдеуге жатқызу деңгейіне жағымсыз әсер ететін жағдайлар:

жолдаманы Порталда тіркегеннен кейін пациенттің емдеуге жатқызудан жазбаша бас тартуы;

пациенттің емдеуге жатқызуға келмеуі;

емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде пациенттің қайтыс болуын тіркеу;

шұғыл емделуге жатқызу;

емдеуге жатқызу рәсімінен тәуелсіз жағдайлар жатады.

42. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған және тоқтатылған кезде денсаулық сақтау ұйымы, денсаулық сақтау басқармасына, ӘМСҚ-ға және ақпараттандыру субъектісіне бір жұмыс күнінің ішінде жазбаша хабарлама жібереді.

Денсаулық сақтау ұйымының қызметін тоқтатқан жағдайда ақпараттандыру субъектісі бір жұмыс күнінің ішінде МСАК ұйымын және басқа денсаулық сақтау ұйымдарын хабардар етеді. Жауапты маман жоспарлы емдеуге жатқызуды күтіп отырған пациентке форс-мажорлық жағдайлардың пайда болуы туралы хабарлайды және басқа стационарды тандауды немесе қызметі басталғаннан кейін бұрын тандаған денсаулық сақтау ұйымына емделуге жатуды ұсынады.

Егер Порталда емдеуге жатқызуға жолдаманы электрондық тіркеу 3 сағаттан аса жұмыс істемесе, онда денсаулық сақтау ұйымы мынадай жүйеде жоспарлы емдеуге жатқызуға жіберу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді:

1) МСАК ұйымдары немесе денсаулық сақтау ұйымы қағаз жеткізгіште денсаулық сақтау ұйымымен келісілген күнге жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдаманы ресімдейді;

2) денсаулық сақтау ұйымы қағаз жеткізгіште емдеуге жатқызу күніне сәйкес пациенттің емдеуге жатқызылуын қамтамасыз етеді;

3) МСАК ұйымы немесе басқа денсаулық сақтау ұйымы тікелей Порталда жолдаманы тіркеу функциясын жаңартқаннан кейін қағаз жеткізгіштердегі жолдамалардың негізінде функцияларды ажыратылған кезеңінде емдеуге жатқызылған немесе емдеуге жатқызуға жоспарланған пациенттердің жолдамаларын Порталға тіркеуді жүзеге асыру бөлігінде іс-қимылдың келісілуін қамтамасыз етеді

4) ақпараттандыру субъектісі:

емдеуге жатқызуға жолдаманы электрондық тіркеу функциясын 3 сағаттан аса ажырату туралы хаттаманы рәсімдейді;

МСАК ұйымдарынан немесе басқа медициналық ұйымдардан қағаз жеткізгіштерде жоспарлы емдеуге жатқызуға жіберу фактілері бойынша ақпаратты сұратады;

қағаз жеткізгіштердің деректеріне сәйкес Порталға жолдамаларды тіркеу процесін үйлестіреді.

43. "Госпитальге дейінгі кезеңде пациенттің қайтыс болуы" себебі бойынша Порталдағы "Күту парағынан" жолдамаларды алып тастау кезінде Сот-медицина сараптамасына тиісті жағдайларды қоспағанда, № 907 бұйрықпен бекітілген № 106/е-12 нысанына сәйкес қайтыс болуы туралы дәрігерлік куәліктің көшірмесін

қоса бере отырып, мәліметтер (тіркеуден алғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде) ақпараттандыру субъектісіне ұсынылады.

44. Емдеуге жатқызуды ұйымдастыру процесіне қатысушылар оларға жол бермеу бойынша басқарушылық шараларын қабылдай отырып штаттық емес жағдайларды мониторингілеуді жүзеге асырады.

45. Денсаулық сақтау ұйымдары осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пациенттерді емдеуге жатқызудан бас тарту туралы ақпаратты электрондық жеткізгіштерде тоқсан сайын МСАК-қа жібереді. Емдеуге жатқызудан бас тарту туралы нысан пациенттің талабы бойынша қолына беріледі .

46. Денсаулық сақтау басқармалары:

1) басқарушылық шешімдерін қабылдаумен мынадай көрсеткіштерге тұрақты мониторингті жүзеге асырады:

өңірдегі стационарлық көмекті тұтыну деңгейіне;

төсек қорының жұмысы мен оны оңтайландыруға;

олардың талап етілуіне сәйкес төсектерді қайта бейіндеуге;

тәуліктік және күндізгі стационарлардағы емделіп шығу жағдайларының құрылымына;

негізсіз емдеуге жатқызуға;

штаттан тыс жағдайларға.

2) меншік нысанына қарамастан, денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын тарта отырып, есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінші күніне дейін ақпараттандыру субъектісіне қабылданған шаралар туралы мәліметтерді ұсына отырып және есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың онынші күнінен кешіктірмей ЕПК отырыстарын өткізеді.

**2 -параграф. Шұғыл емдеуге жатқызу тәртібі**

47. Шұғыл жағдайларда пациент денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесіне жедел медициналық көмек станцияларының (бөлімшелердің) бригадасымен, МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесінің бригадасымен, басқа денсаулық сақтау ұйымдарынан санитариялық авиацияның мобильді бригадасымен немесе өз бетінше жүгінген жағдайларда жеткізіледі. Жекелеген жағдайларда пациенттерді азаматтар немесе ішкі істер органдарының қызметкерлері денсаулық сақтау ұйымдарына жеткізеді.

48. Пациентті тасымалдау кезінде, жедел медициналық көмек станциясының немесе МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесінің диспетчері денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесін пациенттің жеткізілетіні туралы хабардар етеді.

49. Қабылдау бөлімшесінде қайтыс болған кезде, пациенттің қайтыс болу фактісі аталған медициналық ұйымға тіркеледі.

50. Пациентті емдеуге жатқызған кезде, қабылдау бөлімшесінің дәрігері/ мейіргері Триажжүйесі бойынша топтарға бөледі:

Бірінші топ (қызыл аймақ) – өміріне тікелей қауіп төнетін және жедел емдеу-диагностикалық іс-шаралар жүргізуді талап ететін жағдайдағы пациенттер .

Екінші топ (сары аймақ) – денсаулығына әлеуетті қауіп төнетін, бірақ шұғыл араласуды қажет етпейтін жағдайдағы пациенттер.

Үшінші топ (жасыл аймақ) – жүгіну/жеткізілген сәтте өміріне және денсаулығына тікелей қауіп төнбейтін жағдайдағы пациенттер.

51. Пациенттің жағдайын бағалау аяқталғаннан кейін мейіргер түрлі түсті таңбалау (қызыл, сары, жасыл) жүргізеді.

52. Пациент қабылдау бөлімшесінде болған кезеңде, оған денсаулық сақтау ұйымы қабылдау бөлімшесінің меңгерушісі, ал түнгі уақытта, мереке және демалыс күндері – қабылдау бөлімшесінің жауапты дәрігері жауапты болады.

53. Пациентті бірінші топқа (қызыл аймақ) айқындаған кезде, шұғыл медициналық көмек ҚТП немесе операциялық бөлім жағдайларында көрсетіледі. Пациенттің жағдайы тұрақталған кезде, пациент ОАРиТ-ке (ОРит) немесе денсаулық сақтау ұйымының бейінді бөлімшесіне ауыстырылады.

54. Екінші топтың (сары аймақ) пациенті медицина қызметкерінің сүйемелдеуімен диагностикалық палатаға емдеуге жатқызылады. Динамикалық бақылау қажет болған кезде, пациент 24 сағатқа дейін диагностикалық палатада болады. Осы кезеңде кезек күттірмейтін емдеу-диагностикалық іс-шаралардың толық көлемі жүргізіледі.

55. Үшінші топтың (жасыл аймақ) пациенті қабылдау бөлімшесінің қарау кабинетіне жіберіледі. Қарау кабинетінде емдеу тәсілін одан әрі анықтай отырып, диагноз қойылғанға дейін емдеу-диагностикалық іс-шаралардың қажетті көлемі жүргізіледі.

Денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу үшін көрсетілім болмаған кезде, қабылдау бөлімшесінің дәрігері пациентке жазбаша бас тартуды негіздей отырып , №907 бұйрықпен бекітілген медициналық қорытынды (№071/е нысаны) береді.

Қабылдау бөлімшесінің мейіргері пациенттің тіркелген орны бойынша МСАК ұйымына соңғысы болған кезде актив береді.

56. Санитариялық авиацияның мобильді бригадасы жеткізген пациент денсаулық сақтау ұйымының басшылығын алдын ала хабардар ете отырып, бейінді бөлімшее емдеуге жатқызылады.

57. Шұғыл емдеуге жатқызылған кезде, денсаулық сақтау ұйымы қабылдау бөлімшесінің мамандары пациентті порталға тіркеуді жүзеге асырады.

58. Порталда денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесіне жүгінген пациенттер туралы деректерді тіркеу пациенттерді емдеуге жатқызуды және

емдеуге жатқызудан бас тартуды есепке алу үшін электрондық формата жүзеге асырылады.

59. Емдеуге жатқызылмаған пациенттерге медициналық қызметтер көрсетілген және дәрілік заттарды пайдаланған жағдайда, деректер Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізіледі.

Стационарлық көмек
көрсету қағидаларына
1-қосымша

## Тәуліктік стационарда емделуі тиіс АХЖ-10 кодтарының тізбесі

| р/с № | АХЖ-10 код | АХЖ-10 атауы |
|---|---|---|
| 1 | A00.0 | 01 тырысқақ вибрионы тудырған тырысқақ, cholerae (холера) биовары |
| 2 | A00.1 | 01 тырысқақ вибрионы тудырған тырысқақ, eltor (эльтор) биовары |
| 3 | A00.9 | Анықталмаған тырысқақ |
| 4 | A01.0 | Іш сүзегі |
| 5 | A01.1 | Қылау A |
| 6 | A01.2 | Қылау B |
| 7 | A01.3 | Қылау C |
| 8 | A01.4 | Анықталмаған қылау |
| 9 | A02.0 | Сальмонеллалық энтерит |
| 10 | A02.1 | Сальмонеллалық септицемия |
| 11 | A02.2 | Бір орында орныққан сальмонеллалық жұқпа (M01.3*, G01*, M90.2*, J17.0*, N16.0*) |
| 12 | A02.8 | Анықталған басқа сальмонеллалық инфекция |
| 13 | A02.9 | Анықталмаған сальмонеллалық жұқпа |
| 14 | A03.0 | Shigella dysenteriae (шигелла дизентерия) тудырған шигеллез |
| 15 | A03.1 | Shigella flexneri (шигелла Флекснери) тудырған шигеллез |
| 16 | A03.2 | Shigella boydii тудырған шигеллез |
| 17 | A03.3 | Shigella sonnei (шигелла Сонней) тудырған шигеллез |
| 18 | A03.8 | Басқа шигеллез |
| 19 | A03.9 | Анықталмаған шигеллез |
| 20 | A04.0 | Escherichia coli (эшерихия коли) тудырған энтеропатогенді инфекция |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 21 | A04.1 | Escherichia coli тудырған энтероуытты жұқпа |
| 22 | A04.2 | Escherichia coli тудырған энтероинвазиялық жұқпа |
| 23 | A04.3 | Escherichia coli (эшерихия коли) тудырған энтерогеморрагиялы жұқпа |
| 24 | A04.4 | Escherichia coli (эшерихия коли) тудырған ішектің басқа жұқпалары |
| 25 | A04.5 | Campylobacter (кампилобактер) тудырған энтерит |
| 26 | A04.6 | Yersinia enterocolitica (иерсиния энтероколитика) тудырған аш ішектің қабынуы |
| 27 | A04.7 | Clostridium difficile (клостридиум диффициле) тудырған энтероколит |
| 28 | A04.8 | Ішектің басқа анықталған бактериялық инфекциясы |
| 29 | A05.0 | Тағамнан стафилококтік улану |
| 30 | A05.1 | Ботулизм |
| 31 | A05.2 | Clostridium perfringens [Clostridium welchii] тудырған тағамнан улану |
| 32 | A05.3 | Тағамнан Vibrio parahaemolyticus тудырған улану |
| 33 | A05.4 | Тағамнан Bacillus cereus тудырған улану |
| 34 | A05.8 | Тағамнан бактериялық анықталған басқа уланулар |
| 35 | A05.9 | Тағамнан анықталмаған, бактериялық улану |
| 36 | A06.0 | Амебалық ушыққан дизентерия |
| 37 | A06.1 | Ішектің созылмалы амебиазы |
| 38 | A06.2 | Тоқ ішектің дизентериялық емес амебалық қабынуы |
| 39 | A06.3 | Ішек амебомасы |
| 40 | A06.4 | Бауырдың амебалық іріңдігі |
| 41 | A06.5 | Өкпенің амебалық іріңдігі |
| 42 | A06.6 | Мидың амебалық іріңдігі (G07*) |
| 43 | A06.7 | Терінің амебалық аурулары |
| 44 | A06.8 | Амебалық басқа орында орналасқан жұқпа (N51.2*) |
| 45 | A07.0 | Балантидиаз |
| 46 | A07.1 | Жиардиаз [лямблиоз] |
| 47 | A07.2 | Криптоспоридиоз |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 48 | A07.3 | Изоспороз |
| 49 | A07.8 | Ішектің протозойлық анықталған басқа аурулары |
| 50 | A08.0 | Аш ішектің ротавирустық қабынуы |
| 51 | A08.1 | Асқазан-аш ішектің Норволк қоздырғышы тудырған жіті дерттері |
| 52 | A08.2 | Аш ішектің аденовирустық қабынуы |
| 53 | A08.3 | Вирусты басқа энтериттер |
| 54 | A08.5 | Ішектің анықталған басқа инфекциясы |
| 55 | A09.0 | Басқа анықталмаған гастроэнетерит және жұқпалы тектес колит |
| 56 | A15.0 | Культураның өсуінің болуы немесе болмауы бактериоскопиялық тұрғыдан расталған өкпе туберкулезі |
| 57 | A15.1 | Культураның өсуі тұрғыдан расталған өкпе туберкулезі |
| 58 | A15.2 | Гистологиялық тұрғыдан расталған өкпе туберкулезі |
| 59 | A15.3 | Анықталмаған әдістермен расталған өкпе туберкулезі |
| 60 | A15.4 | Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған кеуде ішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі |
| 61 | A15.5 | Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған көмей, кеңірдек, бронхтар туберкулезі |
| 62 | A15.6 | Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған туберкулезді плеврит |
| 63 | A15.7 | Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған, тыныс алу ағзаларының алғашқы туберкулезі |
| 64 | A15.8 | Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған, басқа тыныс алу ағзаларының туберкулезі |
| 65 | A15.9 | Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан |

| | | |
|---|---|---|
| | | расталған, орналасу орны анықталмаған тыныс алу ағзаларының туберкулезі |
| 66 | A16.0 | Теріс нәтижелі бактериологиялық және гистологиялық зерттеулер барысындағы өкпе туберкулезі |
| 67 | A16.1 | Бактериологиялық және гистологиялық зерттеулер өткізілмей танылған өкпе туберкулезі |
| 68 | A16.2 | Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген өкпе туберкулезі |
| 69 | A16.3 | Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген кеуде ішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі |
| 70 | A16.4 | Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген көмей, кеңірдек және бронхтар туберкулезі |
| 71 | A16.5 | Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген туберкулезді плеврит |
| 72 | A16.7 | Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген тыныс алу ағзаларының алғашқы туберкулезі |
| 73 | A16.8 | Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы туралы ескертілмеген басқа тыныс алу ағзаларының туберкулезі |
| 74 | A16.9 | Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген, орналасу орны анықталмаған, тыныс алу ағзаларының туберкулезі |
| 75 | A17.0 | Ми қабығының туберкулездік қабынуы (G01*) |
| 76 | A17.1 | Менингеальдік туберкулема (G07*) |
| 77 | A17.8 | Нерв жүйесінің басқа орындарда орналасқантуберкулезі (G07*, G05.0*, G63.0*) |
| 78 | A17.9 | Жүйке жүйесінің анықталмаған туберкулезі (G99.8*) |
| 79 | A18.0 | Сүйектер мен буындар туберкулезі (M01.1*, M49.0*, H75.0*, M90.0*, M68.0*) |

| | | |
|---|---|---|
| 80 | A18.1 | Несеп-жыныс ағзаларының туберкулезі (N33.0*, N74.0*, N29.1*, N51.0*, N51.1*, N51.8*, N74.1*) |
| 81 | A18.2 | Туберкулездік шет лимфаденопатия |
| 82 | A18.3 | Ішек, ішперде және шажырқай лимфа түйіндерінің туберкулезі ( K93.0*, K67.3*) |
| 83 | A18.4 | Тері қабаты мен тері асты шелмайының туберкулезі (H03.1*) |
| 84 | A18.5 | Көз туберкулезі (H32.0*, H19.0*, H19.2*, H22.0*) |
| 85 | A18.6 | Құлақ туберкулезі |
| 86 | A18.7 | Бүйрекүсті безінің туберкулезі ( E35.1*) |
| 87 | A18.8 | Басқа, анықталғанағзалардыңтуберкулезі (I39.0*, I39.1*, I39.2*, I39.3*, I39.4*,I39.8*, I41.0*, K23.0*, I32.0*, E35.0*, I68.1*) |
| 88 | A19.0 | Анықталған, бір орында орналасқан миллиарлы туберкулез |
| 89 | A19.1 | Көп орында орналасқан миллиарлы ушыққан туберкулез |
| 90 | A19.2 | Орны анықталмаған, миллиарлы ушыққан туберкулез |
| 91 | A19.8 | Миллиарлы туберкулездің басқа пішіндері |
| 92 | A19.9 | Орналасу орны анықталмаған миллиарлы туберкулез |
| 93 | A20.0 | Бубондық оба |
| 94 | A20.1 | Тері асты шелмайы-тері обасы |
| 95 | A20.2 | Өкпе обасы |
| 96 | A20.3 | Обалық менингит |
| 97 | A20.7 | Сепсистік оба |
| 98 | A20.8 | Обаның басқа түрлері |
| 99 | A20.9 | Анықталмаған оба |
| 100 | A21.0 | Ульцерогландулалық туляремия |
| 101 | A21.1 | Окулогландулалық туляремия |
| 102 | A21.2 | Өкпе туляремиясы |
| 103 | A21.3 | Асқазан-ішек туляремиясы |
| 104 | A21.7 | Жайылған туляремия |
| 105 | A21.8 | Туляремияның басқа түрлері |
| 106 | A21.9 | Анықталмаған туляремия |
| 107 | A22.0 | Күйдіргінің терілік түрі |

| | | |
|---|---|---|
| 108 | A22.1 | Күйдіргінің өкпелік түрі |
| 109 | A22.2 | Күйдіргінің асқазан-ішектік түрі |
| 110 | A22.7 | Күйдіргілік септицемия |
| 111 | A22.8 | Күйдіргінің басқа пішіндері |
| 112 | A22.9 | Анықталмаған күйдіргі |
| 113 | A23.0 | Brucella melitensis-пен (бруцелла мелитенсис) тудырылған сарып |
| 114 | A23.1 | Brucella abortus тудырған сарып |
| 115 | A23.2 | Brucella suis тудырған сарып |
| 116 | A23.3 | Brucella canis тудырған сарып |
| 117 | A23.8 | Сарыптың басқа түрлері |
| 118 | A23.9 | Анықталмаған сарып |
| 119 | A24.0 | Маңқа |
